

Өзбекстан Республикасынан Америка Құрама Штаттары мен Германия Федеративтік Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы уран концентратының транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 қаңтар N 95

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "RWE Nukem Inc." (Америка Құрама Штаттары, Коннектикут, Стэмфорд) және "Siemens Financial Services GmbH" (Германия Федеративтік Республикасы, Мюнхен) фирмалары үшін 1992 жылғы 10 сәуірдегі уран концентратын сатып алу-сату шарты және 2000 жылғы 2 мамырдағы сату туралы N NMMC-00/27 шарт бойынша Науаи тау-кен-металлургия комбинаты (Өзбекстан Республикасы, Науаи қаласы) 2002 жылы беретін 2300 тонна мөлшердегі уран концентратының (СЭҚ ТН 284410900) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес және қосымшаға сай ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы уран концентратының транзиттік тасымалын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы уран концентратының транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті уран концентратының транзитіне бақылау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 4 қ а ң т а р д а ғ ы

N 9 5 қ а у л ы с ы н а

қосымша

2002 жылы уран концентратын жөнелту

Кестесі

(тоннамен)

				! "RWE Nukem Inc."!	"Siemens Financial Services GmbH"	Жиыны
				!	!	!
-----!-----!-----						
I тоқсан			4 7 0		5 0	5 2 0
қ а ң т а р					-	
а қ п а н			2 0 0		5 0	2 5 0
наурыз	270		270			
II тоқсан			4 3 5		1 2 5	5 6 0
с ә у і р			1 2 3		6 3	1 8 6
м а м ы р			1 8 7		-	1 8 7
маусым	125	62	187			
III тоқсан			5 4 2		6 3	6 0 5
ш і л д е			2 0 1		-	2 0 1
т а м ы з			1 3 9		6 3	2 0 2
қыркүйек	202	-	202			
IV Тоқсан			5 3		6 2	1 1 5
Қазан	53	62	115			
Тасымалдау 20 тонналық контейнерлерде темір жол көлігімен жүзеге асырылады.						
Шекаралық өту станциясы: Шеңгелді (Қазақстан Республикасы) - Озинки (Ресей Федерациясы) <*>						
IV Тоқсан			5 0 0		-	5 0 0
Қ а з а н			9 0		-	9 0
Қ а р а ш а			2 0 5		-	2 0 5
Желтоқсан	205	-	205			
Тасымалдау 20 тонналық контейнерлерде темір жол көлігімен жүзеге асырылады.						
Шекаралық өту станциясы: Шеңгелді (Қазақстан Республикасы) - Локоть (Ресей Федерациясы) <*>						

Ескерту. Кесте өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.26. N 1255 қаулысымен.